

## **Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің Мереке ауылының аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы**

Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 12 тамыздағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 тамызда № 8627 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2019 жылғы 11 шілдедегі № 01-20/133 ұсынысы негізінде Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің Мереке ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллезі бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округі әкімінің "Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің Мереке ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 1 шешімінің (2018 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8037 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*С. Оразбаев*